



Ашық іс-әрекет

Тақырыбы: «Жасыл дәріхана»

№5 «Күншуақ» ересектер тобы

Тәрбиешілер: Жаласова А.К.
Кабылбаева А.С.

Шымкент 2020ж.

Білім салалары: Денсаулық, Коммуникация, Таным.
Білім бөлімдері: Дене шынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы: «Жасыл дәріхана»

Мақсаты: балаларды салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулықтарын сақтауға үйрету. Емдік өсімдіктермен таныстыру. Қасиеттері жайлы түсіндіру. Тілдік қорларын байыту. Табиғатқа камкор болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: емдік шөптер, слайд, тұнба, (итмұрын, түймедактан жасалған) стакандар, дәрілік өсімдіктер салатын ыдыстар, дидактикалық ойынға арналған материалдар.
Билингвальды компонент: түймедақ – ромашка, қалампыр – гвоздика, итмұрын – шиповник, жалбыз – мята.

Іс – ірекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Баланың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Балалар бізде бүгін ерекше күн, бізге бүгін көптеген қонақтар келді. Шаттық шеңберіне тұрып келген қонақтармен сәлемдесейік.	Қол ұстасып шаттық шеңберіне тұрып айтады.
	Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын шешіп көріңдер.	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң қонақтар!
	Жұмбақ Ертемен күнде сен Қолыңа сүйкейсің Кетіп кір- ласың Тап –таза боласың Бұл не?	Сабын.
	Шомылған баланы Аймалап алады Сүртеді қолынды Сүртеді жонынды Бұл не?	Сүлгі.

Ізденушілік- ұйымдастырушылық	Жарайсындар балалар, бұлар тазалықтың достары. Енді тазалық, денсаулық туралы мнемокесте арқылы өлең шумақ айтып жіберейік. Жарайсындар балалар. Біз бүгін денсаулық, тазалық туралы әңгімелесеміз. Олай болса Ы. Алтынсариннің «Ең кымбат байлық» ертегісін тамашалайық. Ертегіні сахналау. Балалар адамның ең кымбат байлығы не екен? Деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек? Дұрыс айтасындар. Балалар, біз ауырғанда не ішеміз? Осы дәрі- дәрмектерді емдік шөптерден жасап шығарады. Біздің ата – бабаларымыз қазақтың кең байтақ жерінде өсіп жатқан дәрілік өсімдіктерді пайдаланған. Осы біздің қазақтың кең байтақ жерін, әсем табиғатын айқындайтын өлең шумақты айтып жібер.	Аяулым: Дос бол сабын, сумен сен Жиі – жиі жуын сен Таңертенде де, кеште де Жуын күндіз, түсте де Жуын тамақ алдында. Сұлтан: Жуын тамақ соңында Жуын ұйықтар кезінде Жуын тұрған мезгілде Сумен сабын бір жолдас Жоймас олар кір болмас! Автор: Інжу. Жалқау бала; Асылхан. Ақсақал; Айсұлтан - Денінің саулығы Таза жүруіміз керек, дұрыс тамақтану керек. Жаттығу жасап, спортпен айналысу керек. - Дәрі ішеміз. Муслима Көгінде күн нұрын төккен. Жерінде гүл жұпар сепкен Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем!
----------------------------------	---	--

Жарайсын. Олай болса экранға назар аударайық.

Слайд көрсету.

(Емдік өсімдіктерді көрсету, пайдасы туралы айту)

Мінекей, балалар біздің елімізде осындай керемет өсімдіктер өседі.

Дидактикалық ойын: «Бұл қай өсімдік?»

Максаты: Балалардың тапқырлығын байқау.

Жарайсындар балалар. Енді бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар, тұрайық
Алақанды ұрайық
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп
Бір отырып , бір тұрып
Біз тынығып алайық.

-Балалар, мына дәрілік өсімдіктер. Бұл өсімдіктерді жинап алып, арнайы орындарда өңдеп, тазалап қораптарға салып дәріханаларға әкеледі. Олай болса тобымыздағы зертханаға барып жұмыс жасайық. (Баяу музыка ойнап тұрады).

Балалар осы дәрілік өсімдіктерден тұнба жасайды. Біздің бақшамыздың медбикесі. Сендер ауырмай жүрсін деп тұнба жасап келді. Медбике: Итмұрын мен түймедактан жасалған тұнбаны балаларға береді. Балаларға тосаптарды көрсету,

Төрт түрлі өсімдік кіреді. (түймедақ, қалампыр, жалбыз, итмұрын)

Балалар көп өсімдіктің ішінен осы 4 түрлі өсімдікті тауып, қалташаға салады.

Өлең мазмұнына сай, қимылдар жасайды.

Балалар дәрілік өсімдікті ыдысқа салып, суретін жапсырып, емдік қасиетін айтады.

Балалар тұнбаны ішіп, қандай ауруға пайдалы екенін айтады.

тұнбаға бал, немесе тосап
косып ішуге болатынын, әр
тосаптың өзінің емдік қасиеті
бар екенін айтып түсіндіру.

Балалар денсаулық туралы
мақал – мәтел айтып
жіберіңдер:

Денсаулық туралы өлең шумақ
айтып жіберіңдер:

Балалар біз бүгін не туралы
әңгімелестік?
-Қандай емдік өсімдіктермен
таныстық?

Адамның күш қуатын
арттыратын қандай өсімдік
екен?

Тамағымыз ауырып, суық
тигенде қандай тұнбаны

Жосурбек

1. Дені сау адам – дәулетті
адам

Асадбек

2. Тәні саудың- жаны сау

Мадина

3. Денсаулық – зор байлық

Диарбек

4. Дәрі шөптен шығады
Дана көптен шығады

Бекзат

5. Тазалық бар жерде –
денсаулық болады

Ақжан:

Денсаулық ол шыныққан
Барлық дене- мүшесі
Денсаулық ол – тыныққан
Жүйке тамыр жүйесі
Дана
Денсаулық ол- күлуің
Көңіл күйің жадырай
Денсаулық ол жүруің
Ешбір жерің ауырмай.

Денсаулық, тазалық туралы.

Түймедақ, итмұрын, қалампыр,
жалбыз.

- итмұрын

- түймедақты

Күтілетін Нәтиже: Таниды: Түсінеді: Қолданады:	пайдаланамыз? Жарайсындар балалар. Балалар, олай болса денсаулық туралы мақал айтып жіберіңдер; Қонақтарға тілектеріңді айтып, дәрілік өсімдікті беріңдер. Қонақтармен қоштасады. Емдік шөптерді таниды Емдік шөптердің шипалық қасиеттерін. Табиғатқа, өсімдікке қамқорлық жасауды.	Балалар жарты шеңбер болып тұрады. Бәрі бірге: Ауырып ем іздегенше Ауырмайтын жол ізде. Әр бала бір тілек айтып келген қонақтарға дәрілік өсімдіктерді береді.
---	--	---

